

"Қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қантардағы № 18-04/17 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қазандағы № 655 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 қазанды № 30169 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қантардағы № 18-04/17 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10266 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.

А. Шалабекова

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар

министрінің м.а.
 2022 жылғы 11 қазандагы
 № 655 Бұйрықка
 қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы
 министрінің
 2015 жылғы 16 қантардағы
 № 18-04/17 бұйрығымен
 бекітілген

Колдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесі

№	1. Балық аулау құралдарының кәсіпшілік түрлері	Колданылу мерзімі
1.1	Жібінің диаметрі 0,5 миллиметрден кем және ұяшықтарының мөлшері 100 миллиметрден кем (торының конструктивтік адымы 50-миллиметрден кем) синтетикалық нейлондық немесе басқа да полиамидті моножіптен және басқа да синтетикалық моножіптен машина тәсілімен немесе колдан жасалған балық аулайтын, түйінді коспағанда, балық аулайтын аудың кез-келген жаңаған түрі	тұрақты
1.2	Маңғыстау облысының Каспий теңізінің бектілген балық шаруашылығы участкерінде жібінің диаметрі 0,3 миллиметрден бастап және ұяшықтарының мөлшері 80 миллиметрден бастап (торының конструктивтік адымы 40 миллиметрден бастап) 160 миллиметрге дейін (торының конструктивтік адымы 80 миллиметрге дейін) синтетикалық нейлондық немесе басқа да полиамидті моножіптен жасалған аулар	2024 жылғы 1 шілдеге дейін
1.3	Ұяшықтайтын аулау құралдары: қойылмалы және жұзбелі аулар	тұрақты
1.4	Белсенді сүзетін аулау құралдары: лактырмалы жылымдар (өзенде, көлде және теңізде) және бұрап лактырма жылымдар (шиланды)	тұрақты

1.5	Тралдық аулау құралдары: тралдар және ысырығыштар	тұрақты
	Кіші топтарға бөлінетін стационарлық аулау құралдары:	тұрақты
1.6	1) ашық тұзактар: қойылмалы жылымдар (скипаскалар, мадрагалар, каравиялар) 2) жабық тұзактар: қабадалар (секреттер, мереждер, рюжидер, нередтер, сижидер, тальяндар, күрмалар, шағын шаянұстағыштар) 3) бекітпе тұзактар: ілмекті қабыргалар (ілікпетас, торлы дуалдар, сырғауыл дуалдар)	тұрақты
1.7	Қармақты аулау құралдары: жемделетін (троллдар, ярустар) және жемделмейтін (гарпундар)	тұрақты
1.8	"Басқа" аулау құралдары: балық сору кондырғылары, конустық торлар және аулау құралдары артемия жұмыртқаларын жинауға арналған (торлы дорбалар, шөміштер)	тұрақты

2. Балық аулау құралдарының кәсіпшілік емес түрлері (барлық кәсіпшілік емес қармақтық аулау құралдары ені 12 миллиметрден артық емес қармақтармен жабдықтандырылады)

2.1	Қармақ: қалтқылы, терендік, жерлицалар, үйірме	тұрақты
2.2	Кішкентай жылтырағы бар қармак - мормышка	тұрақты
2.3	Ілмекті дорба	тұрақты
2.4	Су астында аң аулауга арналған мылтық	тұрақты
2.5	Әр түрлі үлгідегі спиннингтер	тұрақты

3. Балық аулау тәсілдері

3.1	Балықты ұяшықтау арқылы аулау. Тәсіл торлы қабырға түріндегі аулау құралын балықтардың козғалу жолдарына қою арқылы жүзеге асырылады. Торлы қабыргалардан өтпекші болған балықтар торлы ұяшықтарда тұрып қалады.	тұрақты
3.2	Балықты сұзгіштер арқылы аулау. Бұл тәсіл кезінде торлы кенеп су коймасының бір бөлігіне лактырылып, кейін аулау құралы	тұрақты

	жагалауға немесе кеме бортына тартылады. Басқа кең таралған атавы – жылымдар.	
3.3	Тралдау арқылы балық аулау. Бұл тәсіл арқылы ерекше құрылымы бар торлыш қапшық түріндегі аулау құралы су қоймасына тартылып, тралданып жол-жөнекей кездескен балықтар ұсталады.	тұрақты
3.4	Қозғалмайтын (стационарлық) тұзақтар көмегімен балық аулау. Бұл тәсіл бойынша балықтың еркін кіріп, кейін кері шығуын қиыннататын құрылымы ерекше әртүрлі қозғалмайтын тұзақтар қойылады.	тұрақты
3.5	Қармақтармен балық аулау жергілікті халықтың жеке тұтынуына арналған немесе әуесқойлық (спорттық) балық аулау құралы болып табылады.	тұрақты
3.6	Балық сорғыш қондырғылар көмегімен балық аулау. Аулау қағидаты бойынша балық сорғыш қондырғысының қабылдау түтігі суга тасталып, ол балықпен бірге кемеге сорып алынады.	тұрақты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК